

Хаттама № 1

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу

Шымкент қ.

10.09.2025 ж.

Басталуы: 15 сағ. 05 минут.

Төраға: комплаенс-офицер – Утеев Е.С.

Комиссия мүшелері:

Активтерді басқару және өндірістік қызмет департаментінің бас менеджері – Келесбаев А.Е.

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменттің менеджері – Әбішев Т.Ә.

Қатысқандар:

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС Басқарма төрағасы – Сұлтанханов С.А.

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС қызметкерлері.

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды түсіндіру, ұсынымдар беру.

2025–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасының негізгі ережелерін жеткізу.

Сөз сөйледі: комплаенс-офицер Утеев Е.С.

Ол Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының нормаларын қамтамасыз ету және сақтау мақсатында:

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары туралы бірқатар ережелер заңнамаға сәйкес әзірленгенін;

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары бекітілгенін;

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-нің корпоративтік этика және мінез-құлық кодексі қабылданғанын;

«ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақыға және коммерциялық паракорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық енгізілгенін атап өтті.

Аталған құжаттарды қабылдаудың мақсаты – «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықты жоққа шығаратын құқықтық мәдениетін қалыптастыру және өздерінің лауазымдық міндеттерін атқаруда адалдық пен әділдік қағидаттарын қамтамасыз ету болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – бұл «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Осыған байланысты, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлғалар мен «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-нің лауазымды тұлғалары қызметке тағайындалған кезде немесе еңбек қатынастарын жалғастырған жағдайда, арнайы келісім нысаны арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өз мойнына алуға міндетті. Ал «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-нің қызметкерлері жалпыға ортақ бекітілген Саясатқа адал әрі адалдықпен бағыну міндеттемесін растауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС қызметкерлерінің белгіленген қағидаларды қатаң сақтауына және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде, басқа да міндеттерімен қатар, мынадай талаптарды орындауға тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға белсенді қатысуға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін әшкерелеуге және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауға жеке жауапкершілік көтеруге;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке және заңды тұлғалармен, әріптестермен қарым-қатынаста жалпыға ортақ моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешім қабылдау ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және жұмысын жетілдіру үшін сындарлы сындарды пайдалануға;

5) әріптестерінен де жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап етуге және қолдауға;

6) заңнамаға қайшы келетін және Кәсіпорынның мүдделеріне қарсы табыс табуға байланысты кәсіпкерлік немесе өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған әрекеттерден бас тартуға;

7) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелемеуге;

8) өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін жеке және заңды тұлғалардан ақшалай қаражатты, қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қабылдамауға;

9) қызметтік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес пайда мен артықшылық алу мақсатында пайдаланбауға;

10) қызметтік өкілеттігін теріс пайдалануға, негізсіз бюрократизмге, дөрекілік пен әділетсіздікке жол бермеуге;

11) «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауға міндетті.

Осыған байланысты, «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер белгіленген талаптарды адал орындауға міндеттенетінін жазбаша түрде растауға тиіс. Сондай-ақ, әрбір қызметкер өзінде мүдделер қақтығысы туындағаны туралы ақпаратты тиісті жағдай пайда болған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тікелей басшысына және/немесе комплаенс-офицерге еркін түрде хабарлауы тиіс.

Корпоративтік этика және мінез-құлық кодексі «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру және олардың тиісінше емес мінез-құлық жағдайларын барынша азайту мақсатында әзірленген.

Этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттары «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС барлық қызметкерлерінен адалдық, адал ниеттілік, бейтараптылық, әріптестермен, клиенттермен, бизнес-серіктестермен, сондай-ақ басқа үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста құрмет қағидаттарын ұстануды, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатына берік болуды талап етеді.

Міндеттер:

жалпыға ортақ моральдық және этикалық нормалар мен мінез-құлық стандарттарын ұстану;

Қазақстанда және шетелде жұмыс істегенде мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық елдердің дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

жұмыс уақытынан тыс кезде де жалпыға ортақ моральдық және этикалық нормаларды сақтау, «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қоғамға қарсы мінез-құлыққа жол бермеу;

егер тиісті өкілеттігіңіз болмаса, «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС қызметі туралы жария сөз сөйлемей;

қызметтік міндеттерді атқару кезінде жағдайға қарай ұқыпты, іскерлік және корпоративтік стильдегі киім үлгісін және сыртқы келбетті ұстану;

қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық схемаларына қатыспау және оған қатысы бар қызметкерлерді жасырып қалмау;

үшінші тұлғалармен шарт жасасу кезінде құпиялылық туралы келісімді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу.

Сұлтанханов С.А.: Кімде қандай сұрақ бар?

Андашев О.А.: «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-і Мемлекеттік сатып алу бойынша мекемеде кейбір ұсынымдардың бағасы тым төмен болғандықтан жеткізіп берушілер тарапынан ұзақ уақыт бойы ешқандай ұсынымдар

түспейді, бұл өз кезегінде жобалардың атқарылу барысын тежейді осы мәселені қалай шешсек болады?

Әбішев Т.Ә.: Аталған жағдай «ҰАҒББО» КЕАҚ жүйесінде де және басқа барлық мекемелерде кездесетін жайт, сол себепті жылдың басында бюджеттік жоспарға сәйкес барлық сатып алуларды жылдың соңына дейін бір тізіммен жасау қажет.

Сонымен қатар осы мәселе бойынша сәйкес Министрлікке ұсынымдар жасалып отыр.

Андашев О.А.: Міндетті декларация бойынша, «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-і қызметкерлері тапсыруы міндетті ме?

Келесбаев А.Е.: Иә, Қазақстан Республикасы аумағындағы активтер бойынша 270 декларациясын тапсыру міндетті болады.

Утеев Е.С.: «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де комплаенс-офицер қызметкері бар ма?

Сұлтанханов С.А.: «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-де комплаенс-офицер қызметкері бос жұмыс орнына хабарландыру жарияланған болатын, бірақ қазіргі таңда үміткердің болмауы себебінен бос тұр, осы мәселе бойынша қысқа уақыт ішінде комплаенс-офицер қызметкерін қабылдауға міндеттенеміз.

Кеңестің қорытындысы бойынша келесі хаттамалық шешімдер мен тапсырмалар қабылданды:

1) «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-нің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты құжаттардың талаптарын адал орындап, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ұстансын.

2) Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау туралы белгілі болған немесе жоспарланып отырған фактілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және комплаенс-офицерге хабарлау.
























3) «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС-не комплаенс-офицер штаттық қызметкер ретінде жұмысқа қабылдансын.





15 сағ. 52 мин. семинар-кеңес аяқталғаны жарияланды.

Комплаенс-офицер «ҰАҒББО» _____

Утеев Е.С.

2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 1 Хаттамамен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізуге қатысты, танысты:

№	А.Т.Ә	Қызметі	ҚОЛЫ
1	Султанханов Сакен Асылханович	Басқарма Төрағасы	
2	Калгимбаева Мариям Адилбековна	Ғылым бойынша атқарушы директор	
3	Жумабаев Шерали Ахметович	Бас ғылыми хатшы	
4	Билисбеков Нурайбек Мейрамханович	Бас есепші	
5	Тилесова Сауле Айдархановна	Материалдық бухгалтер	
6	Ақпарова Гулмира Мухтаровна	Есептік бухгалтер	
7	Текебаев Абдысадық Жумаханович	Өндірістік бухгалтер	
8	Андашев Олжас Аскарович	Мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер	
9	Арысбаев Максат Абдижалелович	Бас экономист	
10	Шоланова Бакыткуль Айтжановна	Менеджер-экономист	
11	Каппаров Токсанбай Пердебаевич	Экономист	
12	Алдиярова Айнура Қуантаевна	Кадр бойынша менеджер	
13	Мырзакулов Абилгазы Сейтханович	Менеджер	
14	Абдулаева Айдана Амангелдіқызы	Менеджер	
15	Қанат Алиби	Офис-менеджер	
16	Абдуллаев Қонысбай	Бөлім меңгерушісі	
17	Алибаев Нуридин	Бас ғылыми қызметкер	
18	Дюсегалиев Мухит	Бас ғылыми қызметкер	
19	Прманшаев Мамай	Бас ғылыми қызметкер	
20	Мүстияр Таубасар	Аға ғылыми қызметкер	
21	Саниязова Аклима	Ғылыми қызметкер	
22	Сейткаримов Амир	Бас ғылыми қызметкер	
23	Сартаев Абай	Аға ғылыми қызметкер	
24	Кашкаров Айдар	Кіші ғылыми қызметкер	
25	Есман Қазыбек	Лаборант	
26	Сыдық Досымбек Алмаханбетұлы	Іс-шара жетекшісі - Бас ғылыми қызметкер	
27	Еркуатов Рахымжан	Аға ғылыми қызметкер	
28	Асауов Саидакбар	Ғылыми қызметкер	
29	Сыдыков Мырзабек	Ғылыми қызметкер	
30	Даулетова Ләззат	Ғылыми қызметкер	
31	Мендибаев Байғазы	Аға лаборант	
32	Сексенбаев Донёр	Аға лаборант	
33	Кукиев Қаныбек	Бас агроном	
34	Зайркулов Жетпісбай	Күзетші (қырман)	
35	Тавлиев Яшар	Күзетші (қырман)	
36	Сарсеев Аскар	Күзетші (қырман)	
37	Матенова Зейнепкуль	Күзетші егістікте	
38	Буранбаев Дауренбек	Күзетші	
39	Каракожаев Адамбек	Күзетші	
40	Мираманов Нұрғали Аштанұлы	Зоотехник	
41	Байташев Бейсебай	Ветеринар дәрігер	
42	Кошкунбаев Талгат	Шопан	
43	Сыпабеков Ғалымжан Жаңбырович	Бас инженер	
44	Әліханов Кенжехан	Механизатор	
45	Маханов Асхат	Механизатор	

46	Танатов Утебай	Күзетші (көлікжай)	
47	Маханов Нурлан Муратович	Күзетші (көлікжай)	
48	Курманов Курал	Күзетші (көлікжай)	
49	Амандосов Исабек	Күзетші	
50	Нуралиев Мусабек	Күзетші	
51	Әйтен Нұржан	Электрик	
52	Байжанов Кайрат	Автожүргізуші	
53	Джайманов Максат	Күзетші	
54	Сарбаев Сапарбек	Күзетші	
55	Жалмурзаев Кенжетай	Тазалықшы	
56	Шымырбек Салима	Тазалықшы	
57	Қарсақбаева Замира	Тазалықшы	